

**Алтыншаш Арыстанбекқызы Құрманәлі^{1*}, Меруерт Қазбекқызы Оразбаева²,
Кәрімбек Арыстанбекұлы Құрманәлиев³**^{1*}автор-корреспондент, философия докторы (PhD), профессор,Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ,
ORCID: 0000-0003-3321-5350 E-mail: altynshash.kurmanali777@gmail.com²докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ,

ORCID: 0009-0000-7791-7712 E-mail: orazbayevameruyert@gmail.com

³филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі,

ҚР Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясы, Қазақстан, Астана қ,

ORCID: 0000-0002-8754-6924 E-mail: kareke09@mail.ru

**«БАУЫР» КОМПОНЕНТТІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ
ЛИНГВОМӘДЕНИ АСПЕКТІСІ**

Аңдатпа. Фразеологизмдер ұлттық тіл мен мәдениеттің көрсеткіші ретінде тілдің лексикалық құрамындағы маңызды компоненттердің бірі болып табылады. Лингвомәдени бірліктер ұлттың мәдениеті, дүниетанымы және ділі туралы терең ақпарат беріп, ұлттық тіл мен мәдениеттің тығыз байланысын айқындайтын ерекше қабат ретінде қызмет етеді. Осыған орай авторлар мақалада туыстас қазақ және түрік тілдеріндегі «бауыр» компонентті фразеологиялық бірліктерге лингвомәдени талдау жасайды. Мақалада қазақ және түрік тілдеріндегі «бауыр» лексемасы ұйытқы болған соматикалық фразеологизмдердің мәдени контексте қолданылу аясы мен лингвомәдени ерекшеліктерін анықтау мақсат етіледі. Соматикалық атаулар мәдениет пен дәстүрдің ажырамас бөлігі ретінде бүгінгі күнге дейін сақталып, көне мәдени код болып саналады. Сондықтан қазақ және түрік тіл біліміндегі соматикалық кодты зерттеу және салыстырмалы сараптама жасау ұлт мәдениетінің мәнін терең түсінуге және тілдік бірліктердің мағынасын ашуға үлкен мүмкіндік береді. Сондай-ақ бұл үдеріс тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мен халықтардың өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Туыстас қазақ және түрік тілдеріндегі соматикалық фразеологизмдерді «мәдени код» тұрғысынан қарастыру мақаланың негізгі бағыты мен маңыздылығын айқындайды. Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романының түпнұсқасы мен түрік тіліндегі аудармалары қарастырылды. Мақаланың негізгі зерттеу нысаны болып отырған «бауыр» лексемасы ұйытқы болған соматикалық фразеологизмдерге салыстырмалы-сипаттамалы әдіс, лингвомәдени мен лингвостатистикалық әдістер арқылы талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижелерін лингвомәдениеттанымдық зерттеулерде, қазақша-түрікше сөздіктер құрастыруда, «Лингвомәдениеттану», «Этнолингвистика», «Фразеология» және «Аударма теориясы мен практикасы» пәндері бойынша дәрістер оқуда пайдалануға болады.

Тірек сөздер: фразеологизмдер; фразеологиялық қор; мәдениет; лингвомәдениеттаным; соматизмдер; «бауыр» лексемасы; көркем аударма

Сілтеме жасау үшін: Құрманәлі А.А., Оразбаева М.Қ., Құрманәлиев К.А. «Бауыр» компонентті фразеологизмдердің лингвомәдени аспектісі. *Tiltany*, 2025. №1 (97). 125-137-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-125-137>**Алтыншаш Арыстанбекқызы Құрманәлі^{1*}, Меруерт Қазбекқызы Оразбаева²,
Каримбек Арыстанбекұлы Құрманәлиев³**^{1*}автор-корреспондент, доктор философии (PhD), профессор,

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0000-0003-3321-5350 E-mail: altynshash.kurmanali777@gmail.com

²докторант, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби,

Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0009-0000-7791-7712 E-mail: orazbayevameruyert@gmail.com

³доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК,

Национальная академия естественных наук РК, Казахстан, г. Астана,

ORCID: 0000-0002-8754-6924 E-mail: kareke09@mail.ru

**ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ
С КОМПОНЕНТОМ «БАУЫР» (ПЕЧЕНЬ)**

Аннотация. Важной частью лексического состава языка являются фразеологизмы – как показатель не только языка нации, но и его культуры. Лингвокультурные единицы, которые содержат в себе обширную информацию о

культуре, менталитете и мировоззрении нации, представляют собой особый языковой пласт, отражающий тесную связь языка и культуры нации. Исходя из этого, в статье авторы приводят лингвокультурологический анализ фразеологических единиц с компонентом «печень» в родственных казахском и турецком языках. Целью исследования является выявление лингвокультурологических особенностей соматических фразеологизмов, в которых заложена лексема «печень», и сферы их применения в казахском и турецком языках. Соматические термины как неотъемлемая часть культуры и традиций сохранились до наших дней и считаются древним культурным кодом. Поэтому изучение и сравнительная экспертиза соматического кода в казахском и турецком языкознании дает большие возможности глубже понять сущность национальной культуры и раскрыть смысл языковых единиц. Кроме того, этот процесс помогает выявить связь между языком и культурой, а также специфические особенности народов. Рассмотрение соматической фразеологии в родственных казахском и турецком языках с позиции «культурного кода» определяет основную направленность и значимость статьи. В качестве материалов исследования были изучены оригинальный текст и турецкие переводы романа известного писателя А.Кекильбаева «Уркер». Основным объектом изучения являются соматические фразеологизмы, основой которых является лексема «печень», их анализ проведен с помощью сравнительно-описательного метода, лингвокультурных и лингвостатистических методов. Результаты исследования могут быть использованы в лингвокультурологических исследованиях, в составлении казахско-турецких словарей, при чтении лекций по дисциплинам «Лингвокультурология», «Этнолингвистика», «Фразеология», «Теория и практика перевода».

Ключевые слова: фразеологизмы; фразеологический фонд; культура; лингвокультурология; соматизмы; лексема «печень»; художественный перевод

Для цитирования: Құрманәлі А.А., Оразбаева М.Қ., Құрманәлиев К.А. Лингвокультурологический аспект фразеологизмов с компонентом «бауыр» (печень). *Tiltanym*, 2025. №1 (97). С. 125-137. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-125-137>

Altynshash Kurmanali^{1*}, Meruyert Orazbayeva², Karimbek Kurmanaliyev³

^{1*}Corresponding author, Doctor of Philosophy (PhD), professor,

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,

ORCID: 0000-0003-3321-5350 E-mail: altynshash.kurmanali777@gmail.com

²Doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,

ORCID: 0009-0000-7791-7712 E-mail: orazbayevameruyert@gmail.com

³Doctor of Philology Sciences, Professor, Academician of the NAS of the RK,

Academy of National Natural Sciences of RK, Kazakhstan, Astana,

ORCID: 0000-0002-8754-6924 E-mail: kareke09@mail.ru

LINGUOCULTURAL ASPECT OF THE IDIOMS WITH THE COMPONENT “BAUYR” (LIVER)

Annotation. Phraseological units are a significant component of a language's vocabulary, reflecting its linguistic characteristics and the cultural identity of its speakers. Linguistic and cultural units contain extensive information about a nation's culture, mentality, and worldview, forming a unique linguistic layer that reflects the close connection between language and culture. Accordingly, the authors provide a linguistic and cultural analysis of phraseological units with the component “liver” in related Kazakh and Turkish languages. The research aims to determine the linguistic and cultural features of somatic phraseological units, containing the lexeme “liver”, and the scope of their application in the Kazakh and Turkish languages. As an integral part of culture and traditions, somatic terms have survived to the present day and are considered an ancient cultural code. Thus, examining and comparing the somatic code in Kazakh and Turkish linguistics offers valuable opportunities to deepen our understanding of these national cultures and uncover the meanings of linguistic units. This process also reveals the relationship between language and culture, as well as the specific characteristics of the people. Consideration of somatic phraseology in the related Kazakh and Turkish languages from the perspective of “cultural code” determines the main direction and importance of the article. The original text and Turkish translations of the novel “Urker” by the famous writer A.Kekilbayev were studied as research materials. The main object of the study is somatic phraseological units, the basis of which is the lexeme “liver”, and their analysis was carried out using a comparative descriptive method, linguistic-cultural and linguistic-statistical methods. The research results can be used in linguistic and cultural studies, in the compilation of Kazakh-Turkish dictionaries, and in delivering lectures on the disciplines of Linguoculturology, Ethnolinguistics, Phraseology, and Theory and practice of translation.

Keywords: phraseological units; phraseological fund; culture; linguoculturology; somatisms; lexeme “liver”, literary translation

For citation: Kurmanali, A., Orazbayeva, M., Kurmanaliyev, K. Linguocultural Aspect of the Idioms with the Component “Bauyr” (Liver). *Tiltanym*, 2025. №1 (97). P. 125-137. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-125-137>

Кіріспе

Фразеологизмдер әр халықтың мәдениетімен, тұрмыс-салтымен, тұрмыс-тіршілігімен байланысты өмірге келеді, сондықтан кез келген халықтың фразеологиялық қорында сол халықтың дүниетанымы, менталитеті, мәдениеті, фольклоры, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары т.б. айқын көрініс табады. Фразеологизмдер – тілдің маңызды өнімі ретінде бір қоғамның ұжымдық жадының жиынтығы және мәдени концептуализацияларды зерттеудің маңызды құралдары болып саналады. Осыған байланысты, олар көбінесе бейнелі тілдің қолданылуы және метафоралық және метонимдік концептуализацияларды анықтауға бағытталған когнитивті лингвистикалық және лингвомәдениеттанымдық зерттеулерге арқау болады. Кез келген тілдің өзіне тән ұлттық қасиеті, заңдары, ерекшеліктері әсіресе фразеологизмдерде анық көрінеді.

Г.Смағұлова фразеологизмдердің табиғаты жайында: «Фразеологизмдер қоршаған айналаны, дүниені қабылдауда адамның ұлттық мәдени ойлау ерекшелігін аңғартады. Рухани әлемнің үзік-үзік бөліктері сол ұлттың мәдениетінде сақталып қалады. Ұлт топырағында тамырланып нәр алған халық тіліндегі сөздер мен фразеологизмдер ғана ұлт ерекшелігі мен менталитетін анықтап бере алады» деп тұжырым жасайды (Смағұлова, 1998: 147).

Фразеологизмдер ғасырлар бойы халық жадында сақталып, көркем тілде көрініс тауып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Бұл үдеріс тілдің коммуникативтік және кумулятивтік қызметтеріне негізделген. Фразеологиялық бірліктер тілде құрамдас элементтер ретінде көрініс табады (Бекеева, 2021: 30).

Фразеологизмдерге адамның дене мүшелері атауларының ұйытқы болуы халықтардың қоршаған ортаны қабылдауының бір көрінісі болып табылады. Соматикалық атаулар арқылы адамның әлеммен қатынасы, сезімталдығы мен әлеуметтік қарым-қатынастары айқындалады. Бұл үдеріс мәдениет, тіл және қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады. Соматикалық атаулар мәдениет пен дәстүрдің бір бөлігі ретінде бүгінгі күнге дейін сақталып келеді және көне мәдени код болып табылады.

А.Болғанбаев соматизмдердің фразеология жасаудағы маңызы жайында: «Анатомиялық атаулар негізгі сөздік қорға жататындықтан, көпмағыналы туынды сөз жасауға сонша бейімдігімен ғана сипатталмайды, сонымен бірге тұрақты тіркестер жасаудағы белсенді қызметімен де айрықша көзге түседі» деп тұжырым жасайды (Болғанбаев, 1997: 87).

«Соматизмдер әлемнің тілдік суретінің маңызды фрагментін білдіреді. Бұл лексикалық топ өзінің әмбебаптығымен ерекшеленеді, өйткені оның бірліктері тек дене ұғымдарын вербализация үшін ғана емес, шындықтың басқа фрагменттерін сипаттау үшін де қолданылады. Кез келген тілдің лексикалық жүйесіндегі соматизмдердің негізгі орны адам санасының антропоцентризмімен түсіндіріледі» (Мухин, 2023: 121).

Кез келген тілдің фразеологиялық қорының байырғы, сан жағынан мол, бейнелі сөз үлгісі болып саналатын соматикалық фразеологизмдерді лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерттеп-зерделеу халықтардың тілдік және мәдени әлемдерін тереңірек түсінуге септігін тигізеді. Сондықтан қазақ және түрік тілдеріндегі «бауыр» компонентті соматикалық фразеологизмдердің тілдік және мәдени табиғатын арнайы зерттеудің маңызы зор.

Қазақ және түрік тілдеріндегі «бауыр» компонентті фразеологизмдер тек дене мүшесін білдірумен шектелмей, терең мәдени-танымдық және тілдік мағынаға ие. Сондықтан «бауыр» лексемасының мағыналық аясы, оның фразеологиялық бірліктердегі қолданысын саралау арқылы туыстас қазақ және түрік халықтарының дүниетанымдық ерекшеліктерін анықтау, жаһандану заманында ортақ тілдік құндылықтарды зерделеп, оларды кейінгі ұрпаққа жеткізу мәселесі уақыт талабымен үндесіп жатыр. Зерттеу туыстас қазақ және түрік тілдеріндегі соматикалық фразеологизмдерді «мәдени код» тұрғысынан қарастыруымен өзекті болып табылады. Өйткені, фразеологизмдерді лингвомәдени аспектіде зерттеу бауырлас түркі халықтарының түпкі тамырындағы түркілік мәдениетті қайта жаңғырту арқылы әлемдік өркениеттегі өзіндік орнын айқындауға мүмкіндік береді.

Материал және әдістер

Зерттеу материалдары ретінде Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романының қазақ тіліндегі түпнұсқасы (1982) мен түрік тіліндегі аудармалары (2002) пайдаланылды. Зерттеудің

дереккөздері: І.Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігі» (2007), Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы және М.Малбақовтың «Қазақ сөздігі» (2013), Т.Жанұзақовтың «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (2008), М.Сарачбашының «Örnekleriyle Büyük Deyimler Sözlüğü» (2010), М.Юртбашының «Örnekleriyle Deyimler Sözlüğü» (1997), И.Парлатырдың «Deyimler Sözlüğü» (2007) және Ө.Ақсойдың «Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü» (2022).

Фразеологиялық материал ретінде «бауыр» лексемасымен берілген соматикалық фразеологизмге талдау жасалды. Қазақ және түрік тілдеріндегі «бауыр» лексемасы ұйытқы болған соматикалық фразеологизмдердің лингвомәдени ерекшеліктерін айқындау барысында келесі зерттеу әдістері қолданылды: «бауыр» лексемасы ұйытқы болған фразеологизмдердің қазақ және түрік тілдеріндегі лингвомәдени ерекшеліктерін айқындау мақсатында салыстырмалы лингвомәдени талдау, қазақ және түрік тіл білімі теориясында қалыптасқан лингвомәдени лексиканы аудару тенденцияларын анықтау үшін жинақтау әдісі, «Үркер» романындағы «бауыр» компонентті соматикалық фразеологизмдердің мән мәтіндік мәнін сипаттау және «бауыр» лексемасының қолдану жиілігін анықтау үшін контент анализ және де алынған нәтижелерді жүйелеу мақсатында лингвостатистикалық әдістер пайдаланылды.

Әдебиетке шолу

Соңғы уақытта қазіргі тіл білімінде адамға, оның әлеуметтік-мәдени және танымдық қызметіне қызығушылық артып, нәтижесінде соматизмдер отандық және шетелдік ғалымдардың салыстырмалы тарихи және лингвомәдени тұрғыдан зерттеу нысанына айналып отыр. Өйткені соматикалық фразеологизмдер бір халықтың фразеологиялық қорындағы ескі және кеңінен қолданылатын, тілтанымдық тұрғыдан маңызды тіл бірліктерінің қатарына жатады.

Қазақ және түрік тілдеріндегі соматикалық фразеологизмдер Ө.Болғанбаев, Р.Валиханова, Б.К.Уызбаева, Қ.Қалыбаева, Г.А. Ахметжанова, А.Нұржанова, Б. Кульбаева, Ф.Өзкан, М.Баш, С.Текели т.б. лингвист ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты зерделеніп-зерттелген.

Атап айтқанда, Ө.Болғанбаев «Анатомиялық атауларға байланысты фразеологизмдер» атты мақаласында соматикалық фразеологизмдер жан-жақты қарастырылады (Болғанбаев, 1989). Б.К.Уызбаева диссертациялық еңбегінде қазақ тіліндегі соматикалық етістік фразеологизмдердің этнолингвистика тұрғысынан зерттеп, нақты тұжырымдар жасайды (Уызбаева, 1994). Р.Валиханова диссертациялық зерттеуінде қазақ және орыс тілдеріндегі соматикалық фразеологизмдерді семантикалық тұрғыдан салғастыра қарастырады (Валиханова, 1995). Г.Ахметжанова докторлық диссертациясында қазақ және орыс тілдеріндегі соматикалық фразеологизмдерді тілдік сананың ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің көрінісі ретінде жан-жақты талдау жасаған (Ахметжанова, 2007). А.Нұржанова соматикалық фразеологизмдердегі дүниенің қарабайыр бейнесін зерделеген (Нұржанова, 2010), Б.Кульбаева болса, зерттеу мақаласында «көз», «бел» и «бауыр» соматизмдерін аялық білімнің репрезенттелуінің маркерлері ретінде қарастырған (Кульбаева, 2016). М.Баштың зерттеуі түрік тілінің соматикалық фразеологизмдеріндегі «көңілсіздік, мұң» метафоралары мен метонимдеріне арналған (Баш, 2019). С.Текели мақаласында орыс және түрік тілдеріндегі соматикалық фразеологизмдерді лексикалық және семантикалық тұрғыда қарастырып, салыстырмалы талдау жасайды (Текели, 2023).

Көріп отырғанымыздай, соматикалық фразеологизмдер көптеген зерттеулерге арқау болған, алайда қазақ және түрік тілдеріндегі «бауыр» лексемасы ұйытқы болған соматикалық фразеологизмдердің лингвомәдени қыры алғаш рет зерттеу нысаны болып отыр.

Нәтижелер мен талқылау

Соматизмдер әлемнің тілдік бейнесінің маңызды фрагментін білдіреді және өзінің әмбебаптығымен ерекшеленеді, өйткені оның бірліктері тек дене мүшесі ұғымдарын вербалдандыру үшін ғана емес, шындықтың фрагменттерін сипаттау үшін де қолданылады.

Мәдениет тілі талғамдылықты талап етеді, атап айтқанда, күнделікті өмірдегі нысандар әртүрлі символдық мәнге ие болады. Дене мүшелерінің номинациялары әртүрлі мағынада қарама-қарсы қойылуы мүмкін. Олар тек анатомия мен физиология тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар, мәдениет тілі тұрғысынан да асимметриялы түрде орналасқан (Шкуран, 2023: 1256).

Кез келген тілдің лексикалық жүйесіндегі соматизмдердің негізгі орны адам санасының антропоцентризммен түсіндіріледі, дене құрылымының біркелкілігі және оның табиғаттан

тәуелсіздігімен, аумақтық және басқа факторлармен, адамдардың денеге бірқатар метафизикалық қасиеттерді беруге бейімділігімен және дененің кеңістіктік, тіпті уақыттық шамаларды бастапқы өлшеу параметрлерін орнату мүмкіндігімен түсіндіріледі. Қазақ және түрік тілдеріндегі «бауыр» лексемасы ұйытқы болған фразеологиялық бірліктерге талдау жасамас бұрын, қос тілдегі «бауыр» лексемасының анықтамаларына тоқталайық:

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «бауыр» лексемасына төмендегідей анықтама берілген: «Бауыр зат. 1. Бірге туған қандас, ағайындас, туысқан адамдар. 2. Бір әкеден туған ағайынды адамдар. 3. Әйел адамның кіші інісі. 4. Жамағайын, жақын адам, туысқан» деп (Сүйерқұлова, 2006: 136).

«Қазақ сөздігінде» «бауыр» сөзіне «Бауыр¹ зат. <лат. *hepar*> 1. анат. Омыртқасыз жануарларда асқорыту және қоректі сіңіру процестеріне қатысатын, адам мен жан-жануарлардың ең үлкен ас қорыту безі, ағза мүшесі. 2. мед. Адамның ағзасындағы ас қорыту, қан түзу, зат алмасу және т.б. өмірлік маңызды физиологиялық, биохимиялық процестерге қатысатын ішкі мүшесі. 3. Адамның құшағы. 4. ауысп. Таулы, жоталы жерлердің баурайы, етегі. 5. ауысп. Көлдің, өзеннің шұрайлы жағасы. Бауыр² зат. 1. Бірге туған қандас, ағайындас, туысқан адамдар. 2. Бір әкеден туған ағайынды адамдар. 3. Әйел адамның кіші інісі. 4. Жамағайын, жақын адам, туысқан» деп анықтама берілген (Уәли, 2013: 209).

«Түрік тілінің түсіндірме сөздігінде» болса, «бауыр» сөзіне: «Бауыр анат. Қарын қуысының жоғарғы оң жақ бөлігінде орналасқан, өт бөлетін, қантты сақтайтын, ірі, ашық қоңыр түсті мүше» деп анықтама берілген (Türkçe sözlük, 2023: 1876).

Түрік тілінде «*karaciğer*» (бауыр) лексемасымен бірге «*ciğer*» (бауыр) лексемасы да қолданылады. Мысалы: «Бауыр. 1. Өкпе мен бауырдың жалпы атауы. 2. Жануарлардағы өкпе, жүрек және бауырдан тұратын жиынтық. 3. Малдың бауырынан жасалатын тағам. 4. ауысп. Батыл, жүректі болу. (Türkçe sözlük, 2023: 357).

М.Баш «бауыр» лексемасының түрік тіліндегі қолданылу аясы жайлы былайша тұжырым жасайды: «Бауыр (*ciğer*) түрік тіліндегі ішкі дене мүшелеріне қатысты атау болып табылады және тұрақты тіркестерде жиі кездеседі. Түрік тілінде «бауыр» (*ciğer*) сөзі парсы тілінен алынған кірме сөз ретінде қабылданып, жалпы атау ретінде қолданылады және бауыр (*karaciğer*) және өкпе (*akciğer*) деп ажыратылады, мәнмәтінге сәйкес осы екі дене мүшесіне де «*ciğer*» деп айтыла береді» (Баш, 2018: 4).

Түрік тілінде «бауыр» лексемасының баламасы ретінде «*ciğer*» сөзінен бөлек «*bağır*» сөзінің де жиі қолданылатынын байқауға болады. Түрік тілінің түсіндірме сөздігінде «*bağır* (бауыр)» сөзі «*Bağır* (бауыр) 1. Кеуде. 2. Садақ жебесінің ортаңғы бөлігі. 3. Таудың ортаңғы бөлігі. 4. Бауыр, ішек т.б. дене қуыстарында орналасқан мүшелердің жалпы атауы. 5. Бір нәрсенің ортасы» деп түсіндірілген (Türkçe sözlük, 2023: 357).

Қазақ және түрік тілдерінің фразеологиялық және түсіндірме сөздіктерінде ұсынылған «бауыр» компонентті соматикалық фразеологизмдер санына тоқталатын болсақ:

І.Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігінде» зерттеу нысаны болып отырған *бауыр* лексемасы ұйытқы болған 23 фразеологизм қамтылып, мағыналары беріледі (Кеңесбаев, 2007: 134-136).

Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақовтың «Қазақ сөздігінде» *бауыр* компонентті 33 фразеологизм қарастырылып, мағыналары түсіндіріледі (Уәли т.б., 2013: 209-210).

Т.Жанұзақовтың «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» *бауыр* лексемасымен 20 тұрақты тіркес қамтылған (Жанұзақов, 2008: 117).

М.Юртбашының «Фразеологиялық сөздігінде» *бауыр* компонентті 45 тұрақты тіркес берілген (Юртбашы, 1997: 132-133).

И.Парлатырдың «Фразеологизмдер сөздігінде» аталмыш лексема ұйытқы болған 14 соматикалық тұрақты тіркес қарастырылады (Парлатыр, 2007: 241-242).

Ө.А. Аксойдың «Түрік тілінің фразеологизмдері» сөздігінде *бауыр* лексемасымен 10 тұрақты тіркес талданады (Аксой, 2022: 149).

М.Сарачбашының «*Örnekleriyle Büyük Deyimler Sözlüğü*» атты сөздігінде *бауыр* лексемасы ұйытқы болған 13 фразеологизм қамтылып, мағыналары түсіндіріледі (Сарачбашы, 2010: 291).

Аталмыш сөздіктерден жинақталған тілдік деректерден қазақ тілінде «бауыр» лексемасы ұйытқы болған соматикалық фразеологизмдердің санының қырық бес, түрік тілінде елу екендігі анықталды. Сондай-ақ зерттеуіміздің дереккөзі ретінде пайдаланылған «Үркер» романында «бауыр» лексемасы ұйытқы болған 20 фразеологизм анықталды. Романда «*бауыр басу*» фразеологизмінің жиі қолданылғандығын көруге болады, қолдану жиілігі – 5 рет. «*Іші бауырына кіру*», «*ет бауыры елжіреу*», «*басын бауырына алу*», «*бауырына кіру*» фразеологизмдері 2 реттен, қалған фразеологизмдер 1 реттен кездеседі.

Алдымен аталмыш романдағы «бауыр» лексемасының қатысуымен жасалған ең жиі қолданылған «*бауыр басу*» фразеологизмін талдайық.

Түпнұсқасы

«Елді қорғаудың бір жолы – бастан құлақ садаға деп, *бауыр басқан* жерді еңмендеген қызыл көз жауға-ақ қалдырып, қатын-балаң мен қара шаңырағыңды түйеге таңып ап, азғантай дәулетінді алдыңа салып ап безе жөнелу, сол бетіңмен бос жатқан жерге, көзіңнен гөрі әлсіздеу біреудің мекеніне қоныс аударып алу. (Үркер, 99)

Аудармасы

Halkı korumanın bir yolu, başım için kulağım sadaka olsun diyerek, *canınla kanınla kaynaşmış* ve alıştığın toprakları, üzerine abanan kızıl gözlü düşmana bırakıp, eşini, çocuk ve kara şanırağını deveye yükleyip, azıcık devletini önüne katıp sürdürdüğün gibi kaçmaktır. (Ülker, 178)

«*Бауыр басу*» фразеологизмі қазақ тілінде жиі қолданылатын фразеологизмдер қатарына жатады. Фразеологиялық сөздікте «*Бауыр басты* – жақын тартты, жүрегі елжіреді мағынасында айтылады» деп түсіндіріледі (Кеңесбаев, 2007: 134).

Қазақ халқында «бауыр басу» көбінесе кішкентай балаға үйреніп қалу мағынасында қолданылады. «Бауыр басу» фразеологизмінің бұл мәнмәтіндегі мағынасы – туған жерге бауыр басу, яғни өзінің мекендеген жеріне үйренісіп қалу. Түрік халқы атамекендеріне деген сүйіспеншілігін білдіру мәнмәтінде «жан» және «қан» деген лексемаларын жиі қолданады. Мысалдан көріп отырғанымыздай, аталмыш фразеологизм түрік тіліне «*canınla kanınla kaynaşmak*» тұрақты тіркесімен аударылған. Аудармашы аталмыш тұрақты тіркесті жартылай фразеологиялық эквивалент тәсілін қолданып, аталмыш фразеологизмді сөйлемнің мағынасына сай аударған. Бұл жерде аудармашының локализейшн тәсілін қолданып, аталмыш фразеологизмді түрік аудиториясына түсінікті етіп аударғанын көреміз.

«Заманауи аударматануда түпнұсқа мәтініндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктерін жеткізу – басты мәселелердің бірі. Оқырман басқа мәдениет туралы дүниетанымын сол елдің шығармаларын оқу арқылы қалыптастырады, осыған орай аудармашылар шығарманы аударуда өз интерпретациясын ұсынады» (Карагулова, 2024: 142).

Келесі мысалда «*бауыр басу*» фразеологизмінің түрлене отырып, басқа мағынада берілгенін көруге болады.

Түпнұсқасы

Тасадан қарап тұрған Дүзей жолбарыстай атылып, тентек қызды *бауырына басып* атқа қонады. (Үркер, 108).

Аудармасы

Gizlendiği yerden onları izlemekte olan Düzey, kaplan gibi atılır, yaramaz kızı *kucağına bastırıldığı gibi* atına biner. (Ülker, 195)

Қазақ тіліндегі «бауырына басу» фразеологизмі мәнмәтінде құшақтау мағынасында қолданылған. Түрік тіліне «*kucağına bastırmak*» (сөзбе-сөз аудармасы: құшағына алу, құшақтау) деген тұрақты тіркеспен аударылып, мағынасы толық ашылған деуге болады. Мағынасы толық берілгенмен, грамматикалық тұрғыдан өзгеріске ұшырап, түрік тіліне жартылай фразеологиялық эквивалент тәсілімен аударылған.

Фразеологиялық сөздікте «*Бауырына басты [салды]* 1. Құшақтады, төсіне қысты. 2. Асырап алды, бала қылып алды» (Кеңесбаев, 2007: 135) мағынасын білдіреді деп түсіндіріледі. Бұл

фразеологизм «бауыр басты» фразеологизмімен мағыналас болғанмен, тәуелдік жалғауы мен барыс септігі жалғауы арқылы түрленіп, «бауырына басты» деген тіркес арқылы басқа мағынада жұмсалады. Мұндай құрылымдар фразеологизмдердің ерекшеліктері болып табылады. «Бауырына басты [бауырына салды]» тұрақты тіркесі адамдар арасындағы терең қарым-қатынасты, туыстық байланыс пен сыйластықты білдіреді.

Түпнұсқасы

Құдайназарға *бауыр баса түседі*, ал оларға бауыр басқан сайын бұған тәуелді бола түседі. (Үркер, 386)

Аудармасы

Her korktuğunda Bökenbay ile Kudaynazar'ın *bağrına iyice basılacak* ve onların bağrına sindikçe gitgide buna daha bağımlı olacaktı. (Ülker, 2-том, 302)

Түрік тілінде «бағır» сөзі кеуде мағынасында жұмсалады. *Bağrına basmak*. 1) Göğsü üzerine yaslanıp sevmek (кеудесіне басып жақсы көру). 2) Birini sevgi ve şefkatle yanına alıp korumak, yetiştirmek (біреуді махаббатпен, мейіріммен жанына алып қорғау, өсіру) (Aksoy, 2022: 611).

Түпнұсқасы

Іші-бауырыңа еніп бара жатқан мұндай әдепті жігітке оңды-солды айтылып жүрген әңгіме қайбір оңды әңгіме дейсің. (Үркер, 142)

Аудармасы

Böyle hemen gönlünü kazanıp, *içine bağrına giriveren* edepli yiğit hakkında sağda solda bahsedilenler iyi bir konuşma mı sanıyorsun; dedikodudan başka bir şey değil. (Ülker, 258)

«*Іші-бауырына ену*» фразеологизмі осы мәнмәтінде қонақжай мағынасында қолданылған.

Фразеологиялық сөздікте *Іші-бауырына кірді [енді]* фразеологизмі «Жылы сөзі, жақсы мінезімен баурап алды, өзіне жақын тартты, жылы сөйлеп өзіне қаратты» деген мағынада жұмсалады деп анықтама беріледі.

Түпнұсқасы

Сол ыза *іші бауырын уша жалап*, тақымына ат түскенде оқ өтіне қалай жетіп барғанын езі де сезбей қалды. (Үркер, 182)

Аудармасы

Bu kızgınlıkla pişmanlık, *yüreğini zehir gibi yalayıp*, ata biner binmez dört nala gittiğini, okun tam karşısına geldiğini kendisi bile anlayamadı. (Ülker, 331)

Бұл сөйлемді аударуда «бауыр» сөзін «жүрек» сөзімен алмастырылып, сипаттамалы әдіс қолданылған. Берілген мәнмәтінде фразеологизм жағымсыз эмоцияны, яғни ашу ызаны білдіріп тұр. Ал түрік тілінде эмоциялармен байланысты мәнмәтіндерде көбінесе «жүрек» лексемасы ұйытқы болған фразеологизмдер қолданылатындығын байқауға болады.

Түпнұсқасы

Қай жағында да: «Келе ғой!» – деп *бауырын ашып*, емешегі үзіліп отырған ешкім жоқ. (Үркер, 68)

Аудармасы

Dört yanında da kucаğını асıp: “Hadi, gel!” diyerek *kucаğını асıp* bekleyen kimse yok. (Ülker, 119)

Ақ патшаның *бауыр еті*, көз нұры өзі құсап, шекемізден шертіп тұрып сөйлейді ғой! (Үркер, 541).

Bu kendisini ne sanmış? Çarıçenin gözbebeği, *biricik oğlu gibi* sert sert konuşma hakkını kim vermiş buna? (Ülker, 2-том, 502)

Қазақ халқында «бауыр еті» фразеологизмі көбіне балаға байланысты қолданылғандықтан аудармашы бұл фразеологизмді «*biricik oğlu gibi*» деп сипаттамалы әдіс қолданып аударған. Сөйлем толығымен өзгеріске ұшырап, тек мағынасы сақталып аударылған. Бұл сөйлемде фразеологизмдер мен теңеулер қатар-қатар қолданылғандықтан аударуға оңай түспегені анық.

Түпнұсқасы

Іш сарайларын қас-қабақтарынан ұғысқан екі жас ата-аналарымыз бір-біріне құда түсер, *құйрық-бауыр асатысар* деп жүре беріпті. Батыр аңғырт, бай салғырт. (Үркер, 109)

Аудармасы

Gönüldekini konuşmadan da hal ve hareketlerinden anlayan iki genç, ana babamız karşılıklı dünür olurlar, birbirine *kuyruk bağır aşatırlar* diyerek, işi oluruna bırakmışlar. (Ülker, 197)

Аудармашы бұл тіркестің мағынасын мейлінше анық жеткізу үшін сілтеме көрсетіп, төменде анықтамасын берген. Анықтамада «Söz kesildiğinde, dünürler birbirlerine koyunun dilimlenerek kesilen kuyruk ve karaciğerini kendi elleriyle yedirirler» (сөзбе-сөз аудармасы: құдаласқанда, құдалар бір-біріне қойдың құйрық майы мен бауырын турап, бір-біріне өз қолдарымен жегізу салты) деп қысқаша анықтама берген. Аудармашы аударма барысында калька әдісін қолдана отырып, аударманы барынша жергілікті ету және мәдени бірегейлігін жоғалтпау мақсатында транслитерация әдісін қолданған. Бұл әдісті өте орынды пайдаланған, себебі мұндай салт-дәстүр түрік халқында кездеспейді.

Қазақ халқында бауырмен байланысты әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер баршылық. Соның бірі – құйрық-бауыр тарту дәстүрі, екі жас жаңадан отау құрған кезде, екі жақтың заңды құда болғанның белгісі ретінде қойдың бауыры мен майын табақпен құдаларға ұсынып бір-біріне асатып, құдалар тағамды алып табаққа ақша салады. Бұл салт-дәстүр екі жақты жақындастыру, бауырластыру мақсатында жасалады. Мұндай салт-дәстүр қазақ мәдениетіне тән, түрік халқында бауырмен байланысты мұндай дәстүр кездеспейді.

«Құйрық-бауыр асатып, құда болу» – қыз бен жігіттің әке-шешесі мен туыстарының құда болғанда жасайтын салт-дәстүрі. «Құйрық-бауыр асату» сияқты этнофразеологизмдер ұлттық мәдени ерекшеліктерді айқындайтын нақты тілдік факторлар болып табылады.

Енді романдағы «*ет-бауыры елжіреу*» фразеологизмінің аудармасына талдау жасайық.

Түпнұсқасы

Әйтпесе, Әбілқайырдың бұған қайбір *ет-бауыры елжіреп барады* дейсің! (Үркер, 453)

Аудармасы

Yoksa Abilkayır durup dururken özel elçisini *kardeşlik sevgisi uyandığından* göndermez. (Ülker, 2-том, 397)

Фразеологиялық сөздікте: «Ет бауыры елжіреді [езілді] – аяды, есіркеді жаны ашыды; туысқандық, жақындық етті деген мағынаға ие» деп түсіндіріледі (Кеңесбаев, 2007: 220).

Аудармашы бұл фразеологиялық бірлікті аударуда «*бауырлық махаббаты ояну*» тіркесін таңдап, сипаттамалы аударма тәсілін қолданған. Аталмыш тұрақты тіркестің аудармасында көркемдік реңкі мен стильдік ерекшелігі сақталмағанымен, сөйлемнің мағынасы толық ашылған.

Қазақ тіліндегі *бауыры құтты* (мейірімді, берекелі), *бауыры құтсыз* (жұртқа ынтымағы, жақсылығы жоқ / бала тұрмайтын), *бауыры суық* (мейірімсіз, қатігез), *бауыры суық қара жер* (қатігез ажал), *бауыры қатты* (мейірімсіз, қатал), *тас бауыр* (мейірімсіз, туыстық сезімі жоқ), *бауырына басу* (құшақтау / асырап алу, бағып-қағу), *бауырында болу / бауырында өсу* (біреудің асырауында болу, біреудің тәрбиесінде болу), *бауырына салу* (баласын біреудің қамқорлығына беру), *бауыр басу* (жақсы көру, үйрену), *бауырға тарту* (жақын тарту), *бауыр тұту* (жақын тарту; туысқа санау), *бауырына кіру / бауырына ену* (қатты жақын тарту), *бауыры балқу* (мейірлену, елжіреу), *іші-бауыры елжіреу / іші-бауыры уылжу* (қатты мейірленіп жақсы көру), *ет бауыры елжіреу / ет бауыры езілу* (қатты мейірленіп жақсы көру), *бауыры езілу* (елжіреу, жаны ашу), *бауыры суу* (күдерін үзу) т.б. фразеологизмдер әртүрлі эмоционалды-экспрессивті мағыналарды білдіреді.

Бауыр этностың қарабайыр таным-түсінігінде әртүрлі өмірлік жағдаятқа байланысты «елжірейді», «қатайды», «суиды», яғни физикалық өзгерістерге ұшырап отырады. Мысалы: бауыры суыды «күдер үзді», бауыры қатты «мейірімсіз қатал» т.б. Адамның ең ауыр қайғысы – жақынынан айырылу осы органның «езіліп кетуімен» байланыстырылады: бауыры езілді «қатты қайғырды» (Нұржанова, 2010: 83).

«Бауырымдап шапты» фразеологизмі қазақ халқының әдет-ғұрпымен байланысты этнофразеологизмдердің қатарына жатады. Бұл әдет-ғұрып бойынша қайтыс болған адамның туғандары мен жақын туыстарына көңіл айтуға келген адамдар үй маңына жеткенде, ат-көлігін қалдырып, «бауырымдап» дауыстап жылап көріседі.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Бауырымдап шапты – ескі салт бойынша қазалы ауылда айқай салып, атпен шауып жылап келеді» деп түсіндіріледі (Жанұзақов, 2008: 117).

«Бауыр» лексемасы ұйытқы болған фразеологизмдердің бір қатары жылқы малына қатысты айтылады. Мысалы: «Бауыры тартты» фразеологизмі жаттыққан, бәйгеге дайын ат дегенді білдіреді. «Бауырынан жарады» деген фразеологиялық бірлік те осы топқа жатады және «жаттыққан, бәйгеге дайын ат» мағынасын білдіру үшін қолданылады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Бауырынан жарады – ат бабына келді, бауыры тартылды» деп түсіндіріледі (Жанұзақов, 2008: 117).

«Бауырынан жараған» фразеологизмі «әбден қатып-семіп ысылған, тері алынып жараған ат» деген мағынаны білдіреді.

«Бауыр жазды / бауырын жазды – 1) (ат) Көсіле шапты, жүрісін үдетті; 2) Емін-еркін сөйледі; 3) Азат болды, еркіндікке жетті; 4) Есейді, өсті» деген мағыналарда қолданылады.

«Бауырын жаздырмады. а) Атты бар пәрменімен шаптырмады, еркіне жібермеді, тізгінін тежеп ұстады; ә) Бір іске еркін, батыл кірісе алмады» деген мағыналарда жұмсалады (Уәли, 2013: 209).

«Бауыры тартылды – (ат) күйіне келді, жарады» деген мағынаны білдіреді (Кеңесбаев, 2007: 136).

«Бауырын көтерді – аяғымен жүруге жарады» деген мағынада қолданылады (Жанұзақов, 2008: 117).

«Бауырын төседі – кеудесін қойды, еркін жайғасты» деген мағынада жұмсалып тұр (Кеңесбаев, 2007: 135).

Түрік тілінде «бауыр» лексемасы ұйытқы болған фразеологизмдерде жағымсыз эмоциялар басым екендігін көруге болады. «Бауыр» компонентті фразеологизмдер әсіресе қатты қайғыны білдіретін мәнмәтіндерде жиі қолданылады. Мысалы: *Ciğer kanı içmek* (бауыр қанын ішу); *ciğeri kan dolmak* (бауыры қанға толу) – қатты қайғы шегу, қайғы-мұңға бату мағынасында жұмсалады. Бауыр мен қан тығыз байланыста болғандықтан қан дене сұйықтығы ретінде мұңды білдіретін фразеологизмдерде жиі қолданылады. Мысалы, *қан жылау* (kan ağlamak) және *қанды көз жасын төгу* (kanlı yaşlar dökmek) терең мұң мен азапты, сондай-ақ қайғыдан егіліп жылауды білдіреді. Қан әдетте дененің бір бөлігінің физикалық зақымдануы нәтижесінде пайда болады. Дененің ішкі бөліктерімен қолданылғанда, зақымдану тереңдігін, дәлірек айтсақ, қайғының қарқындылығын білдіріп, бауыр өкпе және қан метафорасымен жиі кездеседі.

Зерттуші М.Баш зерттеу мақаласында «Бауыр» лексемасы тек дене мүшесін ғана емес, сонымен қатар абстрактілі сипаттағы психологиялық қабілеттерді де білдіреді. Бұл тұрғыда ол дүниені концептуализациялау мен сыртқы әлем арасындағы қарым-қатынасты түсіндіруде шешуші рөл атқарады» деп тұжырым жасайды (Баш, 2019: 277).

«Түрікше-қазақша, қазақша-түрікше қысқаша фразеологиялық сөздікте» бауыр компонентті төмендегі фразеологизмдер түрік тіліне: *«ciğeri yanmak* (бауыры жану) – азап шегу, қиналу, азапқа түсу, бауыр еті күйу; *ciğerini delmek* (бауырын тілу) – қайғылы жайт жанына бату, қатты тию; *ciğerini sökmek* (бауырын сөгу) – біреуді көп шығынға ұшырату; *ciğerini yakmak* (бауырын жағу) – біреудің басын қайғыға салу» деп аударылып, мағыналары беріледі (Рысбаев: 2014, 24).

Түрік тіліндегі «бауыр» компонентті фразеологизмдердің басым бөлігінің «қайғы-мұң, қасірет» мағынасында жұмсалатындығын көруге болады. Мысалы: *ciğeri dağlanmak / ciğerini dağlamak* (сөзбе-сөз аудармасы «бауыры талану / бауырын талау») – іштегі ауыр қайғы мен мұңды күй. *Ciğeri yanmak / ciğerini yakmak* (сөзбе-сөз аудармасы «бауыры жану/бауырын жағу») – қатты қайғы шегу, қайғыдан іші өртену деген мағынаны білдіреді. *Ciğeri kavrulmak* (сөзбе-сөз аудармасы: «бауыры қуырылу) – қатты қайғы-мұңға бату, қайғыдан қан жұту. *Ciğeri kebab olmak* (сөзбе-сөз аудармасы: «бауыры кәуапқа айналу) – қайғы-қасірет шегу, қайғыдан күйіп-жану, қайғыдан қан жұту» мағынасында қолданылады. Қазақ тілінде аталмыш фразеологизмдердің бір

ғана баламасын кездестірдік. Атап айтқанда, фразеологиялық сөздікте «*Іші-бауыры өртенді / оттай жанды, күйді – қатты қапаланды, қайғыдан өртенді*» деген мағынаны білдіреді делінген (Кеңесбаев, 2007: 792).

Қазақ тілінде «бауыр» қаратпа сөзі көбінесе ер адамға қатысты айтылады. Күнделікті өмірде жора-жолдастарға, достарға да «бауырым» деп айтылатынын кездестіреміз. Ал түрік халқында жақын досты «*sağ ciğer*» (жан бауыр) деп атайды. Сондай-ақ ер адамдар достық қарым-қатынаста бір-біріне «*ciğerim*» (бауырым / қымбаттым) деген сөзді жиі қолданады.

Түрік тілінде «бауыр» сөзі дене мүшесі ретінде емес, адамды алмастыру сияқты күрделі концептуализацияға әкеледі, соның ішінде метонимиялардан алынған метафоралар, сүйіспеншілікті білдіреді. Мысалы: *ciğerim* (бауырым) – сүйіктім (балам); *ciğerpare* (бауыр бөлшегі) – өте жақсы көретін адам; *ciğerimin köşesi* (бауырымның бұрышы) – сүйіктім (балам); *ciğer parçası* (бауыр бөлшегі) – сүйікті адам.

Қазақ тілінде «бауыр» лексемасы туыстық атау ретінде бала мен жақын адамдарға байланысты мәнмәтіндерде жиі кездесетіндігін көруге болады. Мысалы: *бауыр емі* (өте жақын, қымбаттысы), *бауырын жарып шыққан* (туған бала, перзент), *бауыры бүтін* (бауырларының аман-есен), *бауыры бүтін, басы есен* (бауыры мен басы аман-есен), *ет бауыр жақын* (ең жақын ағайын, туысқан). «*Бауырынан жаралу*» фразеологизмі түркі эпостарындағы қаһармандардың бауырдан өсіп-өнетіндігімен сабақтасып жатқандығын көрсетеді. Дүниенің тілдік бейнесінде *бауыр* соматизмі тікелей анатомиялық атау ретінде қолданылады және бейнелі ауыспалы мағынада адамның қандық жақындығына қатысты сөз-образдар әлемін түзуге қатысады. Мысалы, «*бала – бауыр етім*» фразеологиялық тіркесінде бауыр іштен шыққан баламен теңестіріледі, *бауырын жарып шыққан* фразеологизмі болса, «туған перзент» мағынасында қолданылады. Бұл мысалдардан қазақ халқында бауырға қатысты таным-түсініктердің ауқымы мейлінше кең, мән-мағынасы әлдеқайда терең екенін және қазақ халқының дүниетанымында бауырдың орны ерекше екенін көреміз.

Түрік тілінде «бауыр» лексемасы ұйытқы болған фразеологизмдердің «жүрек» компонентті фразеологизмдермен мағыналас екендігін, тіпті кейбір фразеологиялық бірліктерде «бауыр» (*ciğer*) лексемасы «жүрек» (*ürek* және *kalp*) лексемасымен орын алмасып қолданылғандығын көруге болады. Сондай-ақ қазақ тілінде де *бауыры езілу* (елжіреу, емірену, жаны ашу), *ет бауыры езілу* (қатты мейірленіп жақсы көру), *ет бауыры елжіреу* (қатты мейірленіп жақсы көру), *іші-бауыры елжіреу* (қатты мейірленіп жақсы көру), *іші-бауыры жібу* (мейірлену), «*бауыры жылу*», «*іші-бауыры өртену / іші бауыры оттай жану*» тәрізді фразеологизмдер «*жүрегі езілу*», «*ет жүрегі езілу*», «*жүрегі елжіреу*», «*ет жүрегі елжіреу*», «*жүрегі жібу*», «*жүрегі жылу*», «*жүрегі от боп жану*» сияқты «жүрек» лексемасы ұйытқы болған соматикалық фразеологизмдермен мағыналас болып, орын алмасып жұмсалады. Бұл тығыз байланыс бауырдың эмоцияның орталық органы болып саналатын жүрек сияқты маңызды екенін аңғартады. Ағзада атқаратын қызметіне байланысты бауыр адамның тірі қалуы үшін өмірлік маңызды ішкі орган болып табылады. Құрметтейтін, жақсы көретін адамды өзінің бауырына теңеп немесе оның бауырының бір бөлшегі ретінде көру сүйікті адамның немесе баланың қаншалықты құнды екенін көрсетеді және мәдени тұрғыдан махаббаттың нысаны – тіршілік мүшесі деген метафораны береді.

Қазақ халқында «бауыр» сөзі тек дене мүшесін ғана емес, эмоциялық байланыстарды да көрсетеді. Сондай-ақ халқымыздың салт-дәстүрлерінде «бауыр» сөзі туысқандық, жақындық және жанашырлықтың белгісі ретінде қарастырылады. Мысалы, «*бауырына басу*» салт-дәстүрі – адамдардың бір-біріне жақын болуын, мейірімділікті, қамқорлықты білдіреді және аталмыш дәстүр, әсіресе қиын-қыстау кезеңдерде туыстар мен жақындар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуда маңызды рөл атқарған.

Қорытынды

Ғасырдан-ғасырға ұласып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып, көне заманнан келе жатса да, байырғы бедерін жоғалтпай, сонылығын сақтаған алуан айшықты, терең мазмұнды фразеологиялық тіркестер ана тіліміздің асыл қазынасы іспетті. Зерттеудің нәтижесінде туыстас қазақ және түрік тілдеріндегі «бауыр» компонентті соматикалық фразеологизмдердің мәдени мәнмәтіндегі қолданыс аясы мен лингвомәдени ерекшеліктері анықталды. Мұндай талдау екі

халықтың мәдениетінің терең байланысын мен тілдегі соматикалық элементтердің маңыздылығын айқындайды.

Соматикалық атаулар – сөздік қордың тым ертеден келе жатқан көне тобы болғандықтан бұл атаулардың фразеологизмдердің құрамында көптеп кездесуі заңды құбылыс болып табылады. Өйткені тіл білімінде соматизмдердің фразеологизм жасауға қатысу түрлілігі дене мүшелері қызметінің адам үшін аса белсенділігімен анықталады.

Зерттеудің нәтижесінде «бауыр» лексемасы қазақ тілінде де, түрік тілінде де маңызды семантикалық және мәдени мәнге ие екендігі және «бауыр» сөзінің тек анатомиялық органды ғана емес, сонымен қатар мәдени, этнографиялық және символикалық аспектілерді де қамтитындығы анықталды. «Бауыр» лексемасы қазақ және түрік тілдерінде маңызды соматикалық компонент ретінде қызмет етіп, қос тілде де фразеологизм жасауға белсенді түрде қатысады. Сондай-ақ қазақ және түрік халықтарының дүниетанымдарында бауыр жүректен кейінгі ең маңызды орган ретінде қабылданады және адамның рухани, эмоционалды жағдайын білдіретін символ болып саналады. «Бауыр» лексемасы ұйытқы болған соматикалық фразеологизмдер қазақ және түрік мәдениетінің ерекше аспектілерін көрсетіп, ұлттық-мәдени құндылықтар мен әлеуметтік қатынастарды бейнелейді. Зерттеу нәтижесінде қазақ және түрік тілдеріндегі «бауыр» компонентті фразеологизмдерде ортақтық көп екендігі анықталды. Алайда сөздіктерден алынған тілдік деректерден қазақ тілінде «бауыр» соматизмі көбінесе жақындық, туыстық сезіммен және бауырмалдықпен, ал түрік тілінде көбінесе қайғы-мұңмен ассоциация түзеді. Түрік тілінде «бауыр» лексемасы ұйытқы болған фразеологизмдерде жағымсыз эмоциялар басым және «бауыр» компонентті фразеологизмдер қайғы-мұңды білдіретін мәнмәтіндерде жиі қолданылады. Қазақ халқында бауырға қатысты таным-түсініктердің ауқымы мейлінше кең, мәні әлдеқайда терең. Қазақ тілінде бауыр лексемасы ұйытқы болған фразеологизмдерде жағымды эмоциялар басым және «бауыр» лексемасы туыстық атау ретінде бала мен жақын адамдарға және туыстарға қатысты мәнмәтіндерде жиі қолданылады.

Әдебиеттер

- Aksoy Ö. Atasözleri ve deyimler sözlüğü. Deyimler sözlüğü II. – İstanbul: İnkılap, 2022. – 1205 s.
- Ахметжанова Г.А. Соматическая фразеология как отражение национально-культурной специфики языкового сознания (на материале казахского и русского языков): дисс. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2007. – 111 б.
- Baş M. Sadness metaphors and metonymies in Turkish body part idioms. – İstanbul: Boğaziçi Üniversitesi Yayınevi, Dilbilim Araştırmaları Dergisi, 2019/2, 273-294.
- Baş M. (2018) Ciğer sözcüğünün Türkçe değişmeceli ifadelerde kavramsallaştırılması // Mersin, Dil ve Edebiyat Dergisi 15 (1), 2018. 1- 24 s.
- Bekeyeva N., Bissengali A., Mankeyeva Zh., Nurdauletova B. Phraseological Expressions in the Turkic Language: Comparative Analysis. International Journal of Society, Culture & Language, 9(2), 2021 ISSN 2329-2210. http://www.ijscel.net/article_246369
- Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 107 б.
- Валиханова Р. Е. Сопоставительное исследование соматизмов казахского и русского языков: дисс. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1995. – 165 б.
- Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- Yaşar Ç. Büyük Türkçe sözlük. – İstanbul: Yaylacık Matbaası, 2016. – 7131 s.
- Yurtbaşı M. Örnekleriyle deyimler sözlüğü. – Ankara: Özdemir Yayıncılık. – 522 s.
- Карагулова А.С., Мухтарова С.С., Койлыбаева Р.К. Аудармадағы сөз тандау (трансформация) мәселесі // Tiltanym, No2 (94) 2024. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-2-140-149>
- Кекілбаев Ә. Үркер. – Алматы: Жазушы, 1981. – 584 б.
- Kekilbayuli A. Ülker. Cilt I. – Ankara: Atatürk Kültür Merkezi Yayınları, 2002. – 335 б.
- Kekilbayuli A. Ülker. Cilt II. Ankara: Atatürk Kültür Merkezi Başkanlığı, 2002. – 542 б.
- Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
- Кульбаева Б. Лингвокультураның – соматизмдері «көз», «бел» және «бауыр» ретінде репрезентациялануы фоновых знаний. – Павлодар: Вестник ПГУ имени С. Торайғырова, 2016. – 254 б.
- Мухин С. Соматическая лексика Веспасиановой Псалтири. Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 2. Языкознание. – Волгоград, 2023. – Т. 22, No 6. – С. 120-131.
- Нұржанова А.Б. Дүниенің қарабайыр бейнесі: фразеологиялық фрагменттің соматикалық коды: филол. ғылым. канд. ... дисс. – Астана, 2010. – 117 б.
- Parlatır I. Deyimler. – Ankara: Yargı Yayınevi, 2007. – 963 s.

- Рысбаев Ә., Назарова А., Құсайынова Ә. Түрікше-қазақша, қазақша-түрікше қысқаша фразеологиялық сөздік. 2-басылым. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 128 б.
- Saraçbaşı M.E. Örnekleriyle büyük deyimler sözlüğü. Cilt 1-2. – İstanbul: Yayı Kredi Yay, 2010. – 3170 s.
- Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 198 б.
- Сүйерқұлова Б., Жапақов С., Жанұзақов Т. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том. – Алматы: Арыс, 2006. – 744 б.
- Шкуран О., Карпинская Н., Шкуран С. Характеристика соматической фразеологии в романе Е. Водолазкина «Лавр»: семантика, функциональный потенциал, частота употребления. – Москва: Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика. 2023. Т. 14. №4. С. 1253-1270 <https://doi.org/10.22363/2313-2299-2023-14-4-1253-1270>
- Уәли Н., Құрманбайұлы Ш., Малбақов М. Қазақ сөздігі. – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 б.
- Tekeli S. Somatik deyimler bağlamında rusça ve Türkçe deyimlerin karşılaştırılması. Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi, 11 (34), 48-70. <https://doi.org/10.33692/avrasyad.1174171>
- Türkçe Sözlük. (Haz. Argunaş M. vd.) – Ankara: «Türk dil kurumu», 2023. – 3735 s.

References

- Aksoy, O. (2022) Atasozleri ve deyimler sozlugu. Deyimler Sozluđu II. İstanbul: Inkılap. 1205 s. [Aksoy, O. (2022) Dictionary of proverbs and idioms. İstanbul: Inkılap. 1205 p.] (in Turkish)
- Ahmetzhanova, G.A. (2007) Somaticheskaja frazeologija kak otrazhenie nacional'no-kul'turnoj specifiki jazykovogo soznaniya (na materiale kazahskogo i russkogo jazykov): diss. ... kandidata filolog. nauk. Almaty. 111 s. [Ahmetzhanova, G. A. (2007) Somatic phraseology as a reflection of the national and cultural specifics of linguistic consciousness (based on the material of the Kazakh and Russian languages): Dissertation for the scientific degree of candidate of philology. Almaty. 111 p.] (in Russian)
- Bas, M. (2019) Sadness Metaphors and Metonymies in Turkish Body Part Idioms. İstanbul: «Bogazici Universitesi Yayınevi», Dilbilim Araştırmaları Dergisi, 2019/2, 273-294.
- Bas, M. (2018) Ciger sozcugunun turkce degismeceli ifadelerde kavramsallastırılması. Mersin: «Dil ve Edebiyat Dergisi», 15 (1), 2018. 1-24 s. [Bas, M. (2018) Conceptualization of the word ciger in Turkish variational expressions. Mersin: «Language and Literature Publishing house», 15 (1). 1-24 p.] (in Turkish)
- Bekeyeva, N., Bissengali, A., Mankeyeva, Zh., Nurdauletova, B. Phraseological Expressions in the Turkic Language: Comparative Analysis. International Journal of Society, Culture & Language, 9(2), 2021 ISSN 2329-2210. http://www.ijscel.net/article_246369
- Bolganbaev, A., Kaliuly, G. (1997) Qazirgi qazaq tilining leksikologijasy men frazeologijasy. Almaty: Sanat. 107 b. [Bolganbaev, A., Kaliuly, G. (1997) Lexicology and phraseology of the modern Kazakh language. Almaty: Sanat. 107 p.] (in Kazakh)
- Valihanova, R.E. (1995) Sopostavitel'noe issledovanie somatizmov kazahskogo i russkogo jazykov: diss. ... kandidata filolog. nauk. Almaty. 165 s. [Valihanova, R.E. (1995) A comparative study of somatisms in the Kazakh and Russian languages: Dissertation for the scientific degree of candidate of philology. Almaty. 165 p.] (in Russian)
- Zhanyzakov, T. (2008) Qazaq tilininng tysindirme sozdigi. Almaty: Daik-Press. 968 b. [Zhanyzakov, T. (2008) Explanatory dictionary of the Kazakh language. Almaty: Dyke Press. 968 p.] (in Kazakh)
- Yasar, C. (2016) Buyuk Turkce Sozluk. İstanbul: Yaylacık Matbaası. 7131 s. [Yasar, C. (2016) A Big Turkish dictionary. İstanbul: Yaylacık Printing press. 7131 p.] (in Turkish)
- Yurtbası, M. (1997) Ornekleriyle deyimler sozluđu. Ankara: Ozdemir Yayıncılık. 522 s. [Yurtbası, M. (1997) Dictionary of idioms with examples. Ankara: Ozdemir Publishing house. 522 p.] (in Turkish)
- Karagulova, A.S., Muhtarova, S.S., Kojlybayeva, R.K. Audarmadagi soz tandau (transformatsiya) maselesi. Tiltanym, No2 (94) 2024. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-2-140-149> [Karagulova, A.S., Muhtarova, S.S., Kojlybayeva, R.K. Issue of choosing a word (transformation) in the translation. Tiltanym, No2 (94) 2024. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-2-140-149>] (in Kazakh)
- Kekilbaev, A. (1981) Yrker. Almaty: Zhazushy. 584 b. [Kekilbaev, A. (1981) Yrker. Almaty: Writer. 584 p.] (in Kazakh)
- Kekilbayuly, A. (2002) Ulker. Cilt I. – Ankara: Atatürk Kultur Merkezi Yayınları. 335 s. [Kekilbayuly, A. (2002) Ulker. Cilt I. Ankara: Atatürk cultural center press. 335 p.] (in Turkish)
- Kekilbayuly, A. (2002) Ulker. Cilt II. Ankara: Atatürk kultur merkezi başkanlığı. 542 s. [Kekilbayuly, A. (2002) Ulker. Cilt I. Ankara: Atatürk Cultural Center Press. 542 p.] (in Turkish)
- Kenesbaev, I. (2007) Frazelogijalyq sozdik. Almaty: Arys. 800 b. [Kenesbaev, I. (2007) Dictionary of idioms. Almaty: Arys. 800 p.] (in Kazakh)
- Kul'baeva, B. (2016) Lingvokul'turemy – somatizmy «koz», «bel» i «bauyr» kak markery reprezentacii fonovyh znaniy. Pavlodar: Vestnik PGU imeni S. Torajgyrova. 254 s. [Kul'baeva, B. (2016) Linguoculturemes – somatisms “eye”, “loin” and “liver lung” as markers of the representation of background knowledge. Pavlodar: Bulletin of PSU named after S. Toraigrov. 254 p.] (in Russian)
- Muhin, S. (2023) Somaticheskaja leksika Vespasianovoj Psaltiri. Volgograd: Vestnik Volgogradskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya 2. Jazykoznanie. T. 22, No. 6. S. 120-131. <https://doi.org/10.15688/jvolsu2.2023.6.9> [Muhin, S. (2023) Somatic vocabulary of the Vespasian Psalter. Volgograd: Bulletin of Volgograd State University. Series 2.

Linguistics. T. 22, No. 6. P. 120-131. <https://doi.org/10.15688/jvolsu2.2023.6.9>] (in Russian)

Nurzhanova, A.B. (2010) Duniening qarabajyr bejnisi: frazeologijalyq fragmentting somatikalyq kody: filol. gyl. kand. ... diss. Astana. 117 b. [Nurzhanova, A.B. (2010) Primitive image of the world: the somatic code of a phraseological fragment: Dissertation for the scientific degree of candidate of philology. Astana. 117 p.] (in Kazakh)

Parlatır, I. (2007) Deyimler. Ankara: Yargı Yayınevi. 963 s. [Parlatır, I. (2007) Idioms. Ankara: Yargı Publishing house. 963 p.] (in Turkish)

Rysbaev, A., Nazarova, A., Qysajynova, A. (2014) Turikshe-qazaqsha, qazaqsha-turikshe qyskasha frazeologijalyk sozdik. 2-basylym. Almaty: Qazaq universiteti. 128 b. [Rysbaev, A., Nazarova, A., Kusainova, A. (2014) Turkish-Kazakh and Kazakh-Turkish dictionary of idioms. 2-edition. Almaty: Kazakh University. 128 p.] (in Kazakh)

Saracbası, M.E. (2010) Ornekleriyle buyuk deyimler sozlugu. Cilt 1-2. Istanbul: Yapı Kredi Yayınları. 3170 s. [Saracbası, M.E. (2010) A big dictionary of idioms with examples. Volume 1-2. Istanbul: Yapı Kredi Press. 3170 p.] (in Turkish)

Smaglyova, G. (1998) Magynalas frazeologizmderding ulttyk madeni aspektileri. Almaty: Gylım. 198 b. [Smaglyova, G. (1998) National cultural aspects of meaningful idioms. Almaty: Science. 198 p.] (in Kazakh)

Suierkylova, B., Zhapakov, S., Zhanyzakov, T. (2006) Qazaq adebi tilining sozdigi. On bes tomdyk. 3-tom. Almaty: Arys. 744 b. [Syuerkylova, B., Zhapakov, S., Zhanyzakov, T. (2006) Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Volume 3. Almaty: Arys. 744 p.] (in Kazakh)

Shkuran, O., Karpinskaja, N., Shkuran, C. (2023) Harakteristika somaticheskoy frazeologii v romane E.Vodolazkina «Lavr»: semantika, funktsional'nyj potentsial, chastota upotrebleniya. Moskva: Vestnik Rossijskogo universiteta druzhby narodov. Seriya: Teoriya jazyka. Semiotika. Semantika. T. 14. No. 4. S. 1253-1270 <https://doi.org/10.22363/2313-2299-2023-14-4-1253-1270> [Shkuran, O., Karpinskaya, N., Shkuran, S. (2023) Characteristics of somatic phraseology in E.Vodolazkin's novel "Laurel": semantics, functional potential, frequency of use. Moscow: Bulletin of the Peoples' Friendship University of Russia. Series: Theory of language. Semiotics. Semantics. 2023. T. 14. No. 4. P. 1253-1270. <https://doi.org/10.22363/2313-2299-2023-14-4-1253-1270>] (in Russian)

Uali, N., Qurmanbajuly, Sh., Malbaqov, M. (2013) Qazaq sozdigi. Almaty: Daur. 1488 b. [Uali, N., Kurmanbaiuly, Sh., Malbakov, M. (2013) Kazakh dictionary. Almaty: Century. 1488 p.] (in Kazakh)

Tekeli, S. (2023) Somatik deyimler bağlamında Rusça ve Türkçe deyimlerin karşılaştırılması. Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi. 11 (34), 48-70. <https://doi.org/10.33692/avasyad.1174171> (in Turkish)

Turkce Sozluk. (2023) (Haz. Argunash M. vd.). Ankara: Turk Dil Kurumu. 3735 s. (in Turkish)

Dictionary of Turkish. (2023) (Prep. By Argunash M. et al.). Ankara: Turk dil kurumu. 3735 p.] (in Turkish)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 14.10.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 20.03.2025.

© Құрманәлі А.А., Оразбаева М.Қ., Құрманәлиев К.А., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025